



**Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Ұлттық  
аэроғарыш агенттігінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 мамыр N 397. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.11. N 1131 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.11. N 1131 қаулысымен. P991131\_

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 шілдедегі N 1096

P971096\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 31, 287-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 4 мамырдағы  
N 397 Қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі -  
Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш  
агенттігі туралы  
ЕРЕЖЕ

Миссиясы

"Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса алғанда Қазақстан Республикасының аэроғарыштық инфрақұрылымы объектілерінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, аэроғарыштық саланы құру және дамыту

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ұлттық аэроғарыш агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік органы болып табылады.

2. Агенттік Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы құзыретінің шегінде аэроғарыш қызметі саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді дербес жүзеге асырады.

3. Агенттіктің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері аэроғарыш қызметін жүзеге асыратын барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың атқаруы үшін міндетті.

4. Агенттік өз қызметінде Конституцияны және заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ережені, халықаралық келісімдер мен шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Агенттіктің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды

қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясын ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

6. Агенттік заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, бюджеттік жіктелу коды, фирмалық белгісі, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

7. Агенттіктің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

## II. Басымдықтары

Агенттіктің қызметіндегі басымдықтар:

мемлекеттік стратегияға сәйкес аэроғарыштық қызметті басқару саласында реформалар мен құрылымдық қайта құрулар жүргізу;

жердегі аэроғарыштық инфрақұрылымдар мен ғарыштық бөліктеуді дамыту;  
жоғары технологиялық ғылымды көп қажет ететін аэроғарыштық өндірісті құру және дамыту;

Қазақстан Республикасының аэроғарыштық бағыттағы ұйымдарының ТМД-ға қатысушы елдер мен шет елдердің ғарыштық агенттіктері және аэроғарыштық бағыттағы ұйымдарымен екі тараптық және көп тараптық ғарышты зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдердің шеңберінде өзара іс-қимылдарды қамтамасыз ету;  
аэроғарыш саласы үшін кадрлар даярлау болып табылады.

## III. Негізгі міндеттері

8. Қазақстан Республикасын дамытудың - 2030 мемлекеттік стратегиясының мақсаттары мен басымдықтарына қол жеткізу және өзінің миссияларын орындау үшін Агенттіктің алдына:

аэроғарыштық қызмет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру;

аэроғарыштық саланың дамуы үшін қажетті жағдай жасау, аэроғарыштық өнімдер мен қызмет көрсетулер рыногын қалыптастыру;

ғарыш және әуе кеңістігін пайдалану, аэроғарыштық инфрақұрылымдар объектілерін конверсиялау, диверсификациялау жөніндегі мемлекеттік, мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру;

"Байқоңыр" кешенін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аэроғарыштық инфрақұрылымдарын тиімді пайдалану, сондай-ақ белгіленген тәртіппен "Байқоңыр" кешенінің мүлік және шаруашылық мәселелерін шешу жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

аэроғарыш саласының нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру;

Қазақстан Республикасында ғарыш кеңістігін игеру, аэроғарыш техникаларын пайдалану жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыстардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, халықаралық құқық нормаларына, мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға сәйкестігіне бақылау жасау;

ғарышкерлерді даярлауды ұйымдастыру, аэроғарыш саласы үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау;

аэроғарыш саласын дүниежүзілік стандарттарға жауап беретін деңгейге дейін дамыту және оны дүниежүзілік ғарыштық қауымдастыққа интеграциялау;

Қазақстан Республикасының ғарыш кеңістігін бейбіт пайдалану саласындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету міндеттері қойылған.

#### IV. Функциялары

9. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес;  
аэроғарыш саласын дамытудың жай-күйі мен қарқынына талдау жүргізеді;

"Байқоңыр" ғарыш айлағы объектілерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеуді және іске асыруды үйлестіреді;

Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің орталық және жергілікті органдарымен, ұйымдарымен ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласында өзара іс-қимыл жасайды;

ғарыш кеңістігін пайдалану жөнінде мемлекеттік, мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлейді және іске асырады;

аэроғарыш және ракеталық-ғарыштық, оның ішінде әртүрлі мақсаттағы ұшу жүйелері мен аппараттарын құруға және пайдалануға қатысатын ұйымдардың ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарын мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасында аэроғарыш қызметін дамыту үшін қажетті құқықтық, экономикалық, экологиялық және ұйымдастыру нормалары мен жағдайларын жасау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

белгіленген тәртіппен аэроғарыш саласына шетелдік несиелер мен инвестициялар тарту және оларды пайдалану жөнінде ұсыныс енгізеді;

орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жыл сайын Ресей Федерациясының Үкіметі немесе оның уәкілетті органдары ұсынатын ракеталық-ғарыштық техникаларды "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшырудың жоспарларын қарайды және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

аэроғарыштық қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлейді және жүзеге асырады;

аэроғарыш ғылымының, перспективалық ғарыштық технологиялардың, техниканың және материалдардың жаңалықтары мен жетістіктерінің ақпараттық-технологиялық банкін құрады және жүргізеді әрі олардың мемлекеттің экономикасын дамыту мүддесінде пайдаланылуына ықпал етеді;

аэроғарыш ғылымы мен техникасының жетістіктерін, Қазақстан Республикасының ғарыш және әуе кеңістігін зерттеу және пайдалану мақсаты мен жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдары мен арнаулы басылымдарда насихаттайды;

белгіленген тәртіппен аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ұйымдарда, ғылыми және басқа да форумдарда, сауда-саттықтарда, аукциондарда және көрмелерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

аэроғарыш техникаларын сертификаттауды және ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі қызметтердің барлық түрлерін лицензиялауды ұйымдастырады.

## V. Құқықтары

10. Агенттіктің өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және функцияларды орындауы кезінде өз құзыретінің шегінде:

"Байқоңыр" кешені, оның ішінде Ресей Федерациясы жалға алған, объектілерінің пайдаланылуы жағдайына бақылау жасау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

белгіленген тәртіппен "Байқоңыр" кешенін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аэроғарыш инфрақұрылымдары объектілерінің базасында аэроғарыш саласының ұйымдарын құруға;

мемлекеттің атынан халықаралық жасанды жер серігі және аэроғарыштық бағыттағы өзге де ұйымдардың мүшесі және қатысушысы болуға;

белгіленген тәртіппен аэроғарыш саласының құрамына кіретін ұйымдардың мемлекеттік мүліктерін иелену, пайдалану және билік ету құқықтары мәселелерін шешуге;

шетелдік әріптестермен аэроғарыштық жобаларды іске асыру жөнінде келісім-шарттар жасасуға және оларды орындауға;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, ұйымдарынан, лауазымды тұлғаларынан және азаматтарынан аэроғарыштық қызметке қатысты ақпараттарды сұратуға және алуға;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі қызметтерді лицензиялауды жүзеге асыруға;

мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты уәкілетті орган болуға;

белгіленген тәртіппен аэроғарыштық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға, жаңа ғарыштық технологиялар мен техникаларды әзірлеуге бағытталған және ұйымдар мен азаматтардың ерікті жарналарының есебінен құрылатын қорларды ұйымдастыруға және оларға қатысуға;

келісім-шарттық негізде аэроғарыштық қызмет саласындағы тұжырымдамаларды, бағдарламаларды және жобаларды әзірлеуге оның ішінде басқа мемлекеттерден ғалымдар мен мамандарды тартуға;

аэроғарыш салаларының проблемалары жөнінде ғылыми-техникалық және арнаулы форумдарға қатысуға және өткізуге, олардың шешімдері мен материалдарын жариялауға құқығы бар.

## VI. Міндеттері мен жауапкершілігі

11. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруы және функцияларды орындауы кезінде:

"Байқоңыр" ғарыш айлағы объектілерін сақтау және тиімді пайдалану жөніндегі шараларды іске асыруды үйлестіруге;

өз құзыретінің шегінде аэроғарыш саласындағы ғылыми-техникалық кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті дамытуға жәрдемдесуге;

аэроғарыш тауарлары мен қызмет көрсетулерінің рыногын қалыптастыруға міндетті.

12. Агенттіктің директоры:

"Байқоңыр" кешені объектілерінің сақталуы мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шарты бойынша жұмыстарды үйлестіру;

Қазақстан Республикасының стратегиялық басымдықтарына сәйкес аэроғарыш саласын дамыту;

Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын

жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікте болады.

## VII. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

13. Агенттікті Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Директордың, оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын, "Байқоңыр" ғарыш айлағы басқармасын басқаратын орынбасары болады.

14. Аэроғарыш саласындағы маңызды мәселелерді талқылау және

шешу үшін Агенттіктің ғылыми-техникалық кеңесі құрылады.

Агенттіктің ғылыми-техникалық кеңесін Агенттіктің директоры басқарады. Ғылыми-техникалық кеңес пен оның құрамы туралы ережені Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен келісім бойынша Агенттіктің директоры бекітеді.

15. Директор:

орынбасары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасында міндеттерді бөледі;

штат кестесін бекітеді;

Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

тәртіптік шаралар қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

"Байқоңыр" ғарыш айлағы басқармасы, Агенттіктің құрылымдық

бөлімшелері туралы ережелерді және Агенттіктің қарауындағы ұйымдардың құрылтай құжаттарын бекітеді;

өз құзыретінің шегінде, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Агенттікті білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша

шешімдер қабылдайды.

16. Агенттік қабылдайтын шешімдер директордың бұйрығымен ресімделеді.

17. Агенттіктің директоры Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы алқасының мүшесі болып табылады.

18. Агенттікті тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 4 мамырдағы  
N 397 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі -  
Ғылым академиясы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің  
**ҚҰРЫЛЫМЫ**

Аэроғарыштық бағдарламалар және халықаралық ынтымақтастық бөлімі  
Ғарыштық техникалар мен технологияларды пайдалану жөніндегі  
бөлім  
"Байқоңыр" ғарыш айлағы басқармасы (Байқоңыр қаласы)